

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 18 мамырдағы "Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы" №146 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 18 сәуірдегі № 120 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 22 сәуірде № 203-19 болып тіркелді

Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 18 мамырдағы "Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы" №146 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 181756 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жетісу облысының әкімі

Б. Исабаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы
18 сәуірдегі № 120 Қаулысына
қосымша

Ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алынатын бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері

Ауылшаруашылық өнімнің атауы	Тереңдете қайта өңделген өнімдердің атауы	Шикізатқа қайта есептелген субсидиялар нормативтері, теңге/литр (теңге/килограмм)
Шикі сүт	Сары май	103
Шикі сүт	Қатты ірімшік	93
Шикі сүт	Құрғақ сүт (майы алынбаған, майы алынған)	51